

Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

№17 (10 220)

1 мамыр

сәрсенбі

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



Қазақстан халқының бірлігі мерекесі

Аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлының мерекелік құттықтауы

Құрметті ақсулықтар! Сіздерді мамыражай мамырдағы Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен құттықтаймын. Бұл күн азамат ынтымақастығын ту етіп көтеріп, өзара бауырмалдық, татулықта тұрып жатқан барша қазақстандықтар үшін ортақ қуанышты мереке.

Қазақстан - кең байтақ жері мен қонақжайлылық ықыласы тағдыр тәлкегіне ұшыраған жүздеген ұлт пен ұлыстың екінші Отанына айналған аян. Біз бүгінгі таңда елімізде достық пен өзара ынтымақастықтың, бейбітшілік пен рухани келісімнің сақталып отырғанын мақтан тұтамыз. Еліміздің болашаққа негізделген сындарлы саясатын жүзеге асыруға және халықтың тұрмыстық деңгейін көтеруге мүмкіндік

беретін Ел Президенті Қасым - Жомарт Тоқаевтың Жолдауын ақсулықтар бір адамдай қолдауда. Осындай серпілістен кейін 1 мамыр мерекесін әсерлеріміз жоғары қоңіл - күймен қарсы алып отыр. Олай деріміз, ауданымызда өндірістің бар саласы бойынша алға басу байқалады. Оған Ақсу жұртшылығының әрқайсысы өз үлесін қосуда.

Құрметті әсерлестер! Сіздерді көгілдір көктемдегі ынтымақ мерекесімен шын жүректен құттықтап, барлықтарыңызға зор денсаулық, көтеріңкі қоңіл - күй тілеймін. Алға қойған арман - мақсаттарыңызға жетіңіздер. Еліміздің аспаны ашық болып, бейбітшілік туы әрқашан желбірей берсін. Отбасыларыңызға береке - бірлік болсын!



Қадірлі Ақсулықтар, әсерлестер!



Сіздерді аудандық мәслихат депутаттары мен қызметкерлері атынан 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен құттықтаймын!

Мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан кейін өркениетті әлемге татулығы жарасқан ел ретінде танылды. Бір шаңырақ астындағы мемлекетіміз өркендеп, ілгері басуда. Халқымыздың ынтымақастығы мен өзара ауызбіршілігі нығаюда. Алда да Қазақстанда тұратын барша ұлт арасындағы достыққа сызат түспесе екен деп тілейміз. Ұлтаралық татулық әрдайым берік болып, достық, бірлік мәңгі жасай берсін! Еліміз аман, халқымыз тыныш болсын!

Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға жақсылық, татулық, ынтымақ, шаңырақтарыңызға шаттық, ортамызға береке - бірлік тілеймін!

Бейбіт СҮЛЕЙМЕНОВ,
аудандық Мәслихаттың төрағасы.



Қазақстан - бірлік пен татулықтың мекені!

Құрметті аудан тұрғындары!
Баршаңызды 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бейбітшілік пен тұрақтылық және ұлтаралық келісім - мемлекетіміздің ең басты негізі, рухани байлығы. Иә, қазақ - қашаннан бауырмал халық. Әр кезеңде елімізден пана іздеп келген өзге ұлт өкілдерінің бәріне құшағын ашып, төрінен орын беріп, қандай қиын сәттердің өзінде бір үзім нанды бөлісіп жеген елміз. Қаймағы бұзылмаған қазақ жері бүгінде көпұлтты мемлекеттің бірі болып, әлемге бейбіт сүйген ел ретінде танылды. Қазіргі күні елімізде 130 ұлт пен ұлыстың өкілдері бір тудың астында тату-тәтті ғұмыр кешіп жатыр.

1 мамыр - әрбір қазақстандық үшін Отанға сүйіспеншілік сезімнің, азаматтық борыш пен жалпыұлттық бірліктің мерекесі. Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық біздің ең маңызды байлығымыз болғандықтан, бұл жетістікті бағалап, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету - әрбір Қазақстан азаматының міндеті.

Ардақты ағайын! Қадірлі жерлестер!
Сөздерді «AMANAT» партиясы аудандық филиалы атынан осынау жарқын мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, елдегі татулық пен ынтымағымыз бекем болсын, - деп тілеймін. Алға қойған арман-мақсаттарға ауызбіршілікпен жете берейік!

Серікхан ЖАКУПОВ,
«AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы.

Мереке құтты болсын ақсулық ағайындар!



Егемен еліміз бүгінде ырысты ынтымақ пен берекелі бірліктің мерейлі мекені. Тәуелсіз Қазақстанның ұлтаралық келісім мен пайымды парасаттылыққа негізделген үйлесімді саясатын халықаралық қауымдастық жоғары бағалауда.

Бүгінде ауданымыздағы мектептерде өзге ұлт өкілдері де қызмет жасайды. Бір үйдің баласындай татулықты ту еткен бауырластар аудан экономикасының өркендеуі мен әлеуметтік ахуалының жақсаруына атсалысып келеді.

Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық - біздің ең маңызды байлығымыз! Бұл жетістікті бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету әрбір аудан азаматының міндеті болып табылады.

Қазақстан халқының бірлігі мерекесі қазақстандықтардың ынтымағын жарастырып, ырысын арттырсын. Баршаңызды отбасыларыңызға бақыт, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Айдынбек ЖЕКСЕНБАЕВ,
аудандық білім бөлімінің басшысы.

АНА ТІЛІ - ҰЛТ БОЛАШАҒЫ



Алайда тілдің тәрбиелік негізі неде, деген сұраққа жауап беретін болсақ ойға азық, пікірге қазық болар негізі қазақтың ұлы тұлғаларынан ел тағдырын шешуге араласқан би-шешендерінен ел жер, тіл туралы ой толғаған ақын, жазушыларынан, ғұлама дарын-дарынан табуға болады. Ақсу аудандық балалар кітапханасы қазақ даласында өмір сүрген шешендердің дана сөздерін,

ата-бабамыздан қалған асыл сөздерді, дәріптеп ана тілін сүйеге, өз тілін ардақтауға, туған тілді құрметтеуге баулу бағытында өткен «Ана тілі – асыл нәрі бабамның», «Тіл-асыл қазына» сияқты шаралар арқылы балалардың ой өрісін кеңейтіп тілге деген құрметтерін арттыруда.

Тілге жан бітіретін де, тілге қуат беретін де, тілдің мәңгілік жасауына себепші болатында өзіміз Тіл арқылы еңсеміз көтеріліп, тұғырымыз биіктей бермек. Олай болса ата-бабаларымыз салған сара жолдан таймайық, елдігімізбен туған тіліміз мәңгілік жасай берсін!

Г.ЖИЕНБАЕВА,
аудандық балалар кітапханасының кітапханашысы.

Құттықтаймыз!



Ажар апай 85 - жаста! Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты

Сізді 85 сенгіріне алып жетті. Сізді мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізді әр қашанда мақтан етеміз, ақ жүрегіңізбен, қарапайым мінезіңізбен, әр уақытта құрмет көрсетіп, ақ батаңызды беріп жүретін Әйемізсіз. Бала мен немере, шөбере арасында аман - есен, Алланың берген жасын жасаңыз! Отбасыңызға береке - бірлік, мол ырыс, зор денсаулық тілейміз!

Әр қашанда аман болсын ұл - қыздарың,
Олар сіздің мәпелеген құндыздарың,
Күміс күлкі жүзіңізден арылмасын,
Өзіңізге тілейміз ұзақ өмір!

ТІЛЕК БІЛДІРУШІ:
ҚҰСМОЛДИН ӘУЛЕТІ.

Аудандық «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының «Құлыншақ» тобының тәрбиешісі **ЖҰМАҒҰЛОВА МАЙРА ТОЙБОЛДЫҚЫЗЫНЫҢ** 1 мамырда туған күні. Өріптеміз дәл осы Қазақстан халқының берекелі күнінде мерейлі 50 жасқа толады. Бұл жас - артында жетістіктер теңізі жатқан және жаңа шындықтар бағындыруға әлі де үлкен қуат пен күш қоры бар алтын уақыт емес пе?

Біліктілігіңіз бен іскерлігіңізді орайлы ұштастыра отырып, білім беру ісіне сүбелі үлесіңізді аянбай қосып келесіз.

Сізге ақ ниетпен қартаймас жайдары көңіл, мәнді де мағыналы өмір, жемісті еңбек пен сарқылмас қуат тілеймін. Көңіліңіз шаттық пен қуанышқа, жаңауыңыз бақ пен берекеге толсын.

50 деген ердің жасын еңсеріп Еңбегіңмен Сен келесің тер төгіп, Армандардың аттанғанда шыңына Қызыр өзі болсын саған жолсерік.

Отбасының берекесін қамдаған, Бар өмірін жақсылыққа арнаған,



Сендей жанға Алла өзі дем беріп, Қиын кезде қуат беріп қолдаған.

Құтты болсын қуанышты той күні, Саған шуақ шашсын Күн мен Ай нұры, Әрбір күннің мерекеге айналып, Ұрпақтарың көрмей өссін қайғыны.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН:
«Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының ұжымы.

ТІЛ - ҰЛТТЫҢ ТҰҒЫРЫ, РУХЫ МЕН НАМЫСЫ

Тіл - халықтың даналығы, танымы мен талғамын тауып айтатын, шыншылдығын көрсететін, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан баға жетпес қазынасы. Тіл дамытудың кез келген танымдық іс-әрекеттердің құралы, ойлаудың формасы және оны негізі болып саналады.

Тіл - таусылмайтын байлық. Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің. Дегенмен, алдымен туған еліңнің мемлекеттік тілін білуге, құрметтеу арқылы басқа тілді де, оның мәдениетінде қадірлейміз. Өткенді, бүгінгіні, болашақ қазынаны тілмен жеткіземіз. Тіл арқылы салт-дәстүрімізді, дінімізді, ділімізді, қолөнерімізді де сақтап, келесі ұрпаққа бере аламыз.

Тіл туралы жазу, ол туралы айтудан қашпау да, жалықпау да керек. Себебі тіл бүкіл бір халықтың жүрегі. Оның бойында ұлттық болмыс, ұлттық рух, дәстүр мен салт жатыр. Сондықтан әр халық өз тілінде мақтанады.

Адамның адам болып жүруінің өзі тілдің арқасында. Адам өз тілін жақсы меңгеріп, басқалармен де тіл табысса, өз өмірінің мәнді етуіне жағдай жасайды. Қоғам тіл мен пікірге бай болған сайын, қайратты бола түседі. Халық қай деңгейде тілдің бай қоры мен көркемдігін сақтаса,

сол деңгейде өмір сүреді. Өткеннен аманат болып жеткен қастерлі тіліміз алтын тұғырында мәңгі тұрақтаса, одан артық ел үшін бақыт болмас еді. Түбі бір түркі, тілі ұқсас қырғыз халқының заңғар жазушысы Шыңғыс Айтыматовтың: "Халықтың мәңгі ғұмыры - тілінде. Әрбір тіл халқы үшін - ұлы", - деген сөзі бар. Сондықтан да тілімізді көзіміздің қарашығындай сақтау - біздің міндетіміз. Тілі біртіндеп жоғалған ұлттың уақыт өте келе өзі де тарих сахнасынан жоғалары анық.

Тіл ұлт пен ұлтты жақындастыратын ең үлкен қатынас құралы. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы - тіл» деген Ахмет Байтұрсыновтың қасиетті қағидасына сүйенсек, Ата заң аясында бақ-берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Тіл - халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі - ұлттың мәселесі. "Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде". Ендеше, тілімізді, ұлтымызды отбасымызды қадірлегендей қадірлейік!

А.ТҮСТЕБАЕВА,
Көшкентал ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

● МАМАН ТҮСІНДІРЕДІ!

Қазақстанда мемлекеттің, жұмыс берушінің және азаматтың қатысуы қамтамасыз етілген халықты әлеуметтік қорғаудың көпдеңгейлі жүйесі қалыптасты.

Нарықтық экономика жағдайында рөлі басым болып табылатын міндетті әлеуметтік сақтандыру жұмыс істейтін халық үшін Қазақстан Республикасында 2005 жылдан бастап енгізілген халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің екінші (қосымша) деңгейі болып табылады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінде әлеуметтік аударымдарды жинақтайтын және әлеуметтік төуекелдер туындаған кезде әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыратын Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (Қор) орталық орынды алады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру еңбекке қабілеттіліктен айырылу, асыраушысынан айырылу, жұмысынан айырылу, жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айырылу, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайлары бойынша әлеуметтік төлемдерді қамтиды.

Бұл жүйенің өзіне тән ерекшеліктерінің бірі бұл жүйеге қатысу міндеттілігі және жұмыспен қамтылған халықты міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамту деңгейін арттыру маңызды болып табылады.

Әлеуметтік аударымдар жұмыс берушілердің қаражаты есебінен жұмыскердің табысының 3,5% мөлшерлемесі бойынша төленуге тиіс. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексімен бір ең төмен жалақыдан кем емес және жеті еселенген мөлшерінен аспайтын әлеуметтік аударымдардың ең төменгі және ең жоғарғы мөлшерлері айқындалған.

Әлеуметтік аударымдарды есепті айдан кейінгі 25-ші күнінен кешіктірмей

Міндетті әлеуметтік сақтандырудың артықшылықтары



жүргізу қажет. Әлеуметтік аударымдардың уақтылы және толық төленуін бақылау салық органдарына жүктелген.

Мемлекет міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар алдындағы әлеуметтік міндеттемелердің тұрақты орындалуына кепілдік береді. Өз кезегінде, төлеушілердің әлеуметтік аударымдарды толық және уақтылы төлеуі жұмыс істейтін адамдарды әлеуметтік төуекелдер туындаған кезде әлеуметтік

төлемдермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік төлемдердің мөлшері әлеуметтік аударымдардың төленген сомасына, сондай-ақ, оларды төлеу ұзақтығына тікелей байланысты. Дәл осындай қағидаттар бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі жұмыс істейді.

Қордың мемлекеттік қызметті көрсетудің бизнес-процесі ашық, өйткені төлемдерді

тағайындау үшін қалыптастырылған электрондық іс мәкеті Қорға «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясынан немесе электрондық форматта келіп түседі. Осылайша әлеуметтік аударымдардың түскен сомалары туралы ақпарат алуға және әлеуметтік төлемдерді тағайындау тәртібі жөнінде түсініктеме алуға жүгінетін жағдайларды қоспағанда, Қор қызметкерлерінің халықпен тікелей байланысы барынша азайтылған.

Әлеуметтік аударымдардың төленген сомалары туралы ақпарат алуға жұмыс істейтін халықтың қол жетімділігі маңызды.

Қазіргі уақытта egov.kz. электрондық үкімет порталы, онлайн режимде банктердің мобильді қосымшалары арқылы, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО) және Қор филиалдары арқылы әлеуметтік аударымдардың түсуі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі жүзеге асырылды.

Тұтастай алғанда, жұмыс істейтін азаматтар базалық мемлекеттік жәрдемақылармен қатар Қордан әлеуметтік төлемдерді ала отырып, жұмыс істемейтіндерге қарағанда артықшылыққа ие болады. Осыған байланысты, еңбек шарттарының болуы жұмыскерлерге тек еңбек қана емес, сонымен қатар әлеуметтік төуекелдер туындаған кезде әлеуметтік кепілдіктер де береді.

Жұмыс істейтін азаматтардың әлеуметтік қорғалуын арттыра және халықты жұмыспен қамту үшін ынталандыра отырып, бүгінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі қазіргі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық қатынастарының маңызды және қажетті элементіне айналып отыр.

Э.БОРАНБЕК,
филиал директоры.

ТАЛАНТТЫҢ ТАМЫРЫ – АУЫЛДА



Бүгінгі күні еліміздегі ғылымға жетекшілік етуде робототехника, «IT саласына» ерекше көңіл бөлінуде. Әсіресе, ауылдық жердегі мектептерді материалдық тұрғыда толықтай жабдықтау арқылы біршама жастардың дәл осы робототехника бағытына қызығушылықтарының артуы көз қуантарлық.

Шексіз өлемге ерік беру арқылы, ұшқыр ойдан пайда болған туындыны практикада жүзеге асырып, жарыққа

шығару - тіпті керемет!

Осыған орай, Е.Сиқымов атындағы мектеп интернатының 7-8-сынып оқушылары Талдықорған қаласында өткен «Robotek Grand Tournament» турниріне қатысты. Қатысушылар екі санатқа бөлінді. Жоғары санатқа 8-сынып оқушылары Ербол Айбар мен Батырбек Әлижан жатса, кіші санатқа Әсет Ақтан мен Бегнұр Қыран жатқызылды. Оқушылар бірігіп «Steam» командасын құрды.

Турнирдің басты мақсаты

- робототехникадағы идеяларды практикалық тұрғыда іске асыру үшін, танымдық, зияткерлік және шығармашылық қасиеттерді шыңдау. Жас буынның ғылыми, креативті қабілеттерін бағалау арқылы жоғары нәтижеге жету. Осы міндеттерді негізге алған «Steam» командасы Республикалық турнирде «РОБО ЖУ», «KazRoboSport», «ROBALAND» роботтарын қорғап, жүлделі бірінші орын мен бағалы сыйлықтарды иеленді. Ең маңыздысы алдағы уақытта Астана қаласында өтетін «Robotek Grand Tournament» турнирінің Республикалық кезеңіне жолдама ұтып алды.

Талант – ештеңе таңдамайды. Ең бастысы алға қойған мақсатың биік, ұшқыр ойың озық болса, түрлі белестердің шыңына жетуге болады. Бұған дәлел дәл осы «Steam» командасының үздік жұмысы, нәтижелі еңбегі.

Қатысушыларымызға алдағы уақытта тек қана сәттілік!

Маржан АСЫЛБАЙҚЫЗЫ, Е.Сиқымов атындағы мектеп интернатының 11 - сынып оқушысы.

ТІЛ - ҰЛТТЫҢ тірегі



Тіл туралы ойлану - бәрі жайлы ойлану. Тіл келешегін ескеру - артымызда қалғанымен, алдымызда тұрғанның бәрін де еске алу деген сөз деп Әбіш Кекілбаев айтқан екен.

Ұлтымыздың ұлылығының үлкен айнасы қазақ тілі өзінің бар болмыс - бітімімен, сән - салтанатымен жан - жақты көрінген бай тіл. Қоғам мен мемлекет құрылымындағы экономикалық, әлеуметтік саяси, мәдени қарым - қатынастар ең алдымен оның тілінен көрініс тауып, кез - келген ұлттың рухани мәдениетінің бір бөлігі ретінде қызмет атқарады.

Елімізді мекен еткен түрлі этнос өкілдерінің бір - біріне деген сыйластығын, сенімін арттыруға, бейбітшілік пен келісімде өмір сүруіне, үйлесімді тіл саясаты тікелей ықпал етуде. Тіл тұтастығын ұлттық бірегейліктің түпқазығына айналдыру мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып отыр.

Тіл - тек қарым - қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің

мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақтың тілі - қазақтың жаны!» Халқымыздың тарихы да, тағдыры да - тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де тілінде деп әркез атап өтеді. Біздің қазақ тіліміз ең таза, әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Меніңше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады. Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршіннің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады.

Біз өзіміз, қазақ халқы, халық болып, ұлт болып бәріміз тілімізді қолдауымыз керек және бүкіл қазақстандықтарға осы тілді қастерлеп, қадірлеуге үйретуіміз керек.

Г.МАДЫҒАЛИЕВА, Егінсу ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

ТІЛ - халықтың жаны

Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлының: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», - деп көрегендікпен айтылған сөзіне бүгінде жер бетінен мәңгілікке жойылып кеткен біршама ұлттардың тағдыры куә.

Тіл - халықтың жаны, тілі құрыса, халықта жер бетінен жоғалады. Адамзат тарихында көптеген өркениетті елдердің өшіп кетуі алдымен тілді жоғалтудан басталғанын ғылым дәлелдеп отыр. Ана сүті сіңбеген, бесік жырынан нәр алмаған ұлттық қасиет санаға кірмейді. Тілі мен дінінен айрылған жан рухани кемтарлығын, адамдық болмысын түсінбей, көлденең көк аттының қол жаулығына айналады. Ана тіліміздің тағдыры үшін күресте халқымыз қам - қарекетсіз болған емес. Жиырмасыншы жылдары тіл тәуелсіздігін ту етіп көтерген Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Мұхтарлардың асқақ арманы сексенінші жылдардың аяғында бостандықтың лебі білінісімен бүкілхалықтық қозғалысқа жалғасты. Қазақ халқы үшін 20 ғасырдың ұлы жемісі - Егемендіктің көк туының желбіреуі. Ата - бабамыз армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Туған тіл біздің бірінші бақытымыз, екінші ырысымыз.

Ана тілің - арың бұл, Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте, - деп талантты ақын Қадыр Мырза Әлі ағамыз жырылап кеткендей. Өзге тілдің бәрін біліп, өз тілімізді құрметтеу үшін ең алдымен, тілді білуге деген қажеттілік туындауы керек деп ойлаймын. Әрбір адамға тілді үйренуге деген ниет пен білім қажет. Анық сүтімен бойға дарыған туған тілді құрметтеу - ең қымбат, ең асыл қасиеттердің бірі. Ал, осы қасиеттерді жасөспірімдердің бойына сіңіріп, қазақ тілінің мәртебесіне сызат түсірмеу баршамыздың жұмыла көтерген жүгімізге байланысты. Жалпы тіл мәселесіне келгенде әрқайсысымыз жауапкершілік танытуымыз керек. Ел келешегі тек қана экономикалық жетістіктермен ғана емес, мәдени - рухани қазыналарымызбен де айқындалып, тұғырлана түсері хақ. Олай болса, жастарымыз тіл мәселесіне келгенде сергектік танытып, жанашырлықпен қараса игілікті іс болар еді.

Зүлфия БАПЫШЕВА, Көкезек ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ!

Мемлекет басшысы 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Әркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ. Әділетті Қазақстан және адал азамат ұғымдары егіз құндылық ретінде әрдайым қатар жүруге тиіс. Шын мәнінде, адалдық жоқ жерде ешқашан әділдік болмайды.

Әрбір адам ісі мен сөзі бір жерден шығатын адал азамат болса, әділдік орнайды», - деген болатын.

Жалпы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының 2015 - 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру үшін ауылда бірқатар жұмыстар атқарылып келеді.

Жаңалық ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жөніндегі 2024 жылға арналған іс - шаралар жоспарына сәйкес жыл басынан бері сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі бойынша және аппарат қызметкерлеріне «Пара берме, Пара алма!» атты тақырыпта жиын ұйымдастырылды. Аппарат қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық ұғымын, сыбайлас жемқорлық құқық



бұзушылықтарын жасағаны және жәрдемдескені үшін құқықтық жауапкершілігі мен дербес жауапкершілікке тартылатындығы туралы айтып түсіндірілді.

Округ әкімі ғимаратында сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін «Пара берсең жазаланасың», «Сыйлықтар жоқ, Жемқорлық жоқ!», «Парасатты бол, жемқорлыққа төзімсіздік таныт!» атты тақырыптарда көрнекіліктер ілінген.

Бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу тақырыбында әлеуметтік желілерге атқарылған шаралар жарияланып келеді.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш - жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Гүлмира ҮДІРЫШБАЕВА, Жаңалық ауылдық округ әкімі аппаратының бас маман - іс жүргізушісі, «AMANAT» партиясының мүшесі.

БАСПАСӨЗ - 2024

АҚСУ Өңірі

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ
2024 ЖЫЛДЫҢ II ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық «ҚАЗПОШТА» байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"АҚСУ Өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

● Есеболатов ауылдық округінде орналасқан «Қара ой» су өткізгіш каналы 25.04.2023 жылдан, бос иесіз мүлік ретінде тіркеуде тұр. Осыған байланысты сот арқылы коммуналдық меншікке қабылданатынын хабарлайды.

● Есеболатов ауылдық округінде орналасқан «Жабық қырман» су өткізгіш каналы 25.04.2023 жылдан, бос иесіз мүлік ретінде тіркеуде тұр. Осыған байланысты сот арқылы коммуналдық меншікке қабылданатынын хабарлайды.

● Есеболатов ауылдық округінде орналасқан «Рай бейіті» су өткізгіш каналы 25.04.2023 жылдан, бос иесіз мүлік ретінде тіркеуде тұр. Осыған байланысты сот арқылы коммуналдық меншікке қабылданатынын хабарлайды.

ДӘРИГЕРГЕ АЛҒЫС!

АУРУ АЙТЫП-АҚ КЕЛЕДІ, ӘТТЕҢ...



Бұл дүниеде бас ауырып, балтыр сыздамай тұра ма. Бірақ, атам қазақ ауру айтып келе, сездіре берсе де бейғам ғой, ертең не бүрсігіні жазылармын деп жүргенде мұрттай ұшып, уақыты өткенде дәрігерді де, өзі де қиналып бас көтереді-ау. Осындайда өзін-шыны аралас ел аузында жүретін әлгі Еврей халқы дәрігерге мен ауырамын деп ертерек барса, орыс саусағыма тікен кірді деп келеді екен. Қазақ мына қолым бір ай болды күп боп ісіп кетті не істеймін дейтін көрінеді. Дәрігер болса амал жоқ шынтақ кесеміз,- дейді екен.

Мұны айтып отырғанымыз біздерде ауыруымызды асқындырып барып емдеу бөліміне келіп түстік. Біріміздің қанымыз ұйып, қант диабетінің ең жоғарғы көрсеткішімен келсең, біріміздің қан қысымымыз 200-ден асып кеткен, біріміз бронхиттен, т.б. аурулардан тұншығып жатырмыз. Жасыратыны жоқ өз ауыруымызды өзіміз асқындырып келсек те кейде бір дәрігердің нұсқауын орындамай, ішпе деген нәрсені ішіп, жасама деген нәрсені жасап емдеп жатқан дәрігерді қиналдырамыз. Осындай өз кінәлерімізді біле тұра-ақ халатты абзал жандарға орынсыз сөйлеп те қаламыз.

(Тосыннан түсірілген суретте:) Орталық аурухананың емдеу бөлімінің меңгерушісі Есжанов Жандос Мәуленұлы зейнеткер Рахметолда Сейсенбаевқа кезекті дәрігерлік бақылау жасауда.

"ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА" Бағдарламасы бойынша

«Енгізілген өзгерістерге сәйкес «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен барған маман тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары арқылы жақын туыстарынан (жұбайынан (зайыбынан), атасынан (әжесінен), ата-аналарынан (оның ішінде асырап алушылардан), балаларынан (оның ішінде асырап алынғандарынан), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-қарындастарынан) тұрғын үй-жай сатып алуға, сондай-ақ, азамат тұрақты тұратын тұрғын үй-жайды сатып ала алмайды. Кредиттік бюродан несие тарихын ұсынады және бұрын берілген кредиттер бойынша өтелмеген мерзімі өткен берешегі жоқ сондай-ақ, соңғы 2 (екі) жыл ішінде 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен берешегі жоқ болуға тиіс.


Сонымен қатар, өңірде «Дипломмен ауылға» жобасы аясында ауылдық елді мекендерге келген, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, әлеуметтік қамсыздандыру, агроөнеркәсіптік кешені және ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне қазіргі таңда, жоба аясында ауылдық елді мекенге сұранысқа ие мамандықтар жұмысқа орналасқан жағдайда 100 айлық есептік көрсеткіш көлемінде біржолғы көтерме жәрдемақы алады. Ал, тұрғын үй салу немесе сатып алу үшін 2500 айлық көрсеткіштен аудан орталығына, 2000 айлық көрсеткіштен басқа қалған ауылдарға аспайтын көлемде 15 жылға дейінгі мерзімге жылдық 0,01 % сыйақы мөлшерлемесімен бюджеттік несие түрінде әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ.

тәрбиелеу еді, осы арманымен түбегейлі айналыса алмадым – дейді ардагер спортшы. Аудандық спорт мектебінің директоры Түмен қазақша күрестен бапкер болуға шақырған екен, бірақ ол кез қатайып, қартайып қалған шақ еді. Әттең осы сұраныс ертерек жалындап тұрған кезде болғанда аға арманы орындалар еді.

– Кезінде алдымда екі жол тұрды. Бірі – комсомол арқылы шиновник болу, ал, екіншісі мектеп. Мені спортқа деген, балаларға деген махаббатым жеңді. Осы жолда 40 жыл бір мектепте қызмет еткеніме еш өкінбеймін.

Артқа қарасақ 70 жасқа да келіп қалыппыз. Кейінгі толқынға, жалынды жастарға қазағымның мәртебесін көтеріп, еліміздің туын тек жоғарыдан желбіретер, елін, жерін, қазағын сүйетін адамгершілігі мол, абыройлы азамат болып өсуіне жүрегіммен тілектеспін. Менің айтарым – қазағым аман болсын, – дейді ағамыз әңгімесінде.



кіріседі. Содан 2017 жылға дейін бір мектепте істеп, зейнеткерлікке шыққан.
1985 жылдан – 1995 жылға

Арманы асқақ Ардагер

сәті түскен еді. «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» жолында тынымсыз еңбек еткен, өзінің саналы ғұмырын аудан, аудан ғана емес Кеңес заманында ел спортының дамуына арнаған спорт ардагері – 1954 жылы Баласаз ауылында дүниеге келген екен. Иә, «Тау баласы – тауға қарап өседі» деген осы шығар. Әкесі Жақыпбек екі мәрте «Ленин ордені», үш мәрте «Қызыл ту ордені» алған жылқышы. Анасы Нұрбәтi үй шаруасындағы адам болған.

1960 жылдары, болашақ спортшы мектепке барар кезде аудан орталығы Жансүгіров ауылына көшіп келген. Екі жылдан соң Қаракемер ауылына ағасы Әуесқанның қолына көшіп барып, сол жерде мектеп табалдырығын аттаған.

1971 жылы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектептен орта білім алып шықты. Осы мектепте оқып жүргенде күрес секциясына қатысып, Ақшонаяв, Қуанышбаев, А.Байсалбеков деген ұстаздардан күрес өнерін үйреніп, білім алды. Мектепте жүргенде Талдықорған қаласында еркін күрестен облыстық жарысқа қатысып, үлкендер арасында ІІ орын, екінші жарыста І орын алып, спорт шеберлігіне үміткер болады.

1972 – 1974 жылдары Мурманск қаласында әскери борышын абыроймен өткеріп, взвод командирінің орынбасары, старшина атағын алып қайтады.

дейін мектепте дене шынықтыру сабағында тәлім алған кішкентай ауыл қыздары волейбол спортынан аудан бойынша чемпиондық атақты бермеген екен. Ол кезде аудан орталығында екі адам, Ақсу ауылында бір адам волейбол спортының бапкері болатын. Жаяу спорт туризман 9 жыл аудандық жарыстарда жеңіске жетіп, облыстық жарыстарға қатысып ІІІ орын алып, 5, 6 орындарда жүрді.

Үстел тенісінен ауданда 7 жыл бойы командалық І орынды бермей, облыста микстен чемпион бір қыз, бір ұл болса екі бала ІІІ орынға ие болды.

Әттең, балалар бабына келген нағыз шешуші кезеңде ақша болмай жарысқа бара алмай қалады.

Тоғызқұмалақ жарысына тәрбиелеген балалары ауданда Сайлау Сейсенбаевтың оқушыларымен кездесіп, І – ІІ орындарды бөлісіп жүрді.

Еңбек ардагері Б.Құтымұмов құрметіне өткен облыстық жарыста тоғызқұмалақтан оқушылары командалық І орынды жеңіп алды. Олар: М.Хасен, Ж.Азат, А.Қалибек, А.Қосжанова, Д.Жуанышев, Е.Айқын, А.Оңғарбек.

Шахматтан аудан оқушылары спартакиадасының жеңімпаздары: Медіне Хасен, Хасен Мерей, Д.Жуанышев, Асыл Қосжанова, Ақыл Қосжанов.

Шахматтан дайындаған оқушысы Хасен Медіне шахматтан үлкендер жарысында екі жыл қатарынан ІІІ – ІІ орын алып, аудан әкімінің

Мен Барманбеков

Жаргент Сәтбаев атындағы орта мектебінде істеп

жүргенімде 1968 – 1972 жылдары С.Жақыпбековты оқытқан ұстаздардың

бірімін. Ол мектепті жақсы оқыды. Қоғам жұмысына белсене қатысты. Ол спортпен,

еркін күреспен шұғылданып, 75 келе салмақта аудан және облыс чемпионы болды.

Республика құрамына кіріп, халықаралық жарыстардың жеңімпазы болды.

Кейіннен мектепте мұғалім болып жұмыс істеп жүргенде тәртібі қиын оқушыларды

тәрбиелеп, дұрыс жолға қойып, дұрыс адам қылып шығарды. Өзі мектепте беделді

ұстаздың бірі болды.

Ж.БАРМАНБЕКОВ.

Әскерде жүргенде 1973 жылы Северморск қаласында өткен солтүстік теңіз флотының 40 жылдығы жарысында күрестен әскерилер арасында тағы да І – орын алады.

Әскерден келген соң 1974 жылдан 1982 жылға дейін Қаракемер кеңшарында комсомол жетекшісі, спорт нұсқаушысы қызметтерін атқарады.

1982 – 1984 жылдары Балқаш педагогикалық училищесін бітіріп, Талдықорғанда жас мамандарға жолдама беріп жатқан жерге келеді. Сол кезде ағамызға үш таңдауды ұсынды. Біріншісі Алакөл ауданына самбо, қазақша күрестен аға жаттықтырушы, екінші Үштөбе қаласына дзюдодан аға жаттықтырушы, ал, үшіншісі Талдықорған қаласындағы «Өркен» спорт мектебіне еркін күрестен жаттықтырушы.

Бірақ, Серікбек Жақыпбекұлы ауылға барамын деп табандап тұрып алған ғой. Ақыры Қаракемер мектебіне дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып қабылданып, кейіннен әскери жетекшілікті қоса атқарады. Аудан Қаракемерге бапкер боласың дегеніне сеніп үш жылдай тосып. Төртінші жылы қолын бірақ сілтеп, таза педагогтік қызметке

қабылдауында болып, сыйлық алады.

АӘД пәнінің ұйымдастырушы мұғалімі ретінде оқушылары ауданда талай рет топ жарлады.

Пневматикалық мылтықтан ату жарысына ардагер ұстаздың үмітін ақтап, шәкірттері бедел биігіне шықты. Ауданның да ұстаздың да мәртебесін көтерді. Мәселен, шәкірті Дина Әбілмәжінова үш оқтан 29 ұлай жинап, аудан рекордын орындап І орынды иеленсе, Айнұр Қасымбекова 27 ұлаймен ІІ – орын алды.

Әскери жарыстарда, ДОСААФ өткізген командалық жарыстарда Қаракемер оқушылары талай рет топ жарды. Атап айтқанда, 100 метрге жүгіруден Д.Жуанышев, АҚМ шашу, жинаудан Әкманбек, 16 келе бір тасын көтеруден Б.Даңғыл, пневматикалық мылтық атудан Кенжехан Күнгей мен Сәуле алдыңғы қатардан көрініп, көрермен көзіне түсті.

Самбо күресінен оқушысы Б.Стамбеков облыс спартакиадасында Панфилов қаласында І – орын, Үштөбеде дзюдодан ІІ – орын алса, А.Дүйсенбеков ІІІ – орынды иеленеді.

Дегенмен арманым – қазақкүресі мен дзюдодан оқушылар

ны болып, Балқаш қаласының құрамында екі жыл шахмат та ойнаған.

Осы еңбектері бағаланып, Қазақстан Тәуелсіздігіне 25 жыл, Авиация генерал майоры, екі дүркін Совет одағының батыры Талғат Бигелдиновтың, Жергілікті әскери басқару органдарына 100 жыл, «Батыр шапағаты» Бауыржан Момышұлы, Қазақстан Республикасына 20 жыл медалдарымен марапатталған.

Сондай – ақ, екі рет облыс әкімінің Құрмет грамотасын, облыстық әскери комисариатының, бес рет Алматыдағы «Өрлеу» институтының, бірнеше рет аудан әкімі, қорғаныс бөлімі, білім бөлімі және кәсіподақтың "Алғыс хаттары" мен "Құрмет Грамоталарын" алады.

Бүгінде зейнет демалысындағы ағамыз «Кейінгі жастарға спорттан алыстамауға кеңес беремін. Себебі, келешек еліміздің, Жаңа Қазақстанның болашағы дені сау ұрпақтың қолында», - деп әңгімесін қорытындылады. Біз де келе жатқан мерейтойымен құттықтадық.

Ербол СЫМХАНОВ.
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

МЫРЗАҒҰЛҰЛЫ ТОЛҒАНБАЙ АҚЫННЫҢ ТУҒАНЫНА - 180 ЖЫЛ!

Өмір қысқа

(Насихат)

Жақсылар опасы жоқ, өмір қысқа,
Ұқсайды ғайып болып, ұшқан құсқа.
Өмірдің қысқасынан бір насихат,
Айтайын тыңдасаңыз, біз байқұсқа.
Жас күнде алтын болып,
күміс болып,
Ұқсайсың қартайғанда қола, мысқа.
Қылыпты дүниеге әркім саят,
Жинайды құрастырып бірнеше зат.
Патшаның сұлтан Махмұт
заманында,
Бір жақсы айтқан екен көп насихат.
Айтайын сол жақсының насихатын,
Келтірсе қиыстырып, тілім батым.
Жігіттер шын көңілмен талап етсең,
Жаратқан кәсіп етер ер мұратын.
Бір адам сұлтан Махмұт заманында,
Өзінің тастап шыққан уәлиатын.
Келіпті қонақ болып бір патшаға,
Патшаға әділдікпен болған жақын.
Лебізі, не сөйлесе хош көрініп,
Патша алған оның айтқан өсиетін.

ТОЛҒАНБАЙ АҚЫН
ТУЫНДЫЛАРЫ

Бір аз күн патшаның дәмін татты,
Сөзі нәр, сөйлей берсе, не бір тәтті.
Жеріне аз уақытта қайтпақ болып,
Сұрады патшадан рұқсатты.
Сый беріп, неше түрлі сыйлад енді,
Патша да айырылуға қимайды енді.
Айрылуға қимасын сезседегі,
Қайтам деген ниетін тыймайды енді.
Бұл адамға патша берді рұқсат,
Рұқсат берседегі айтады дат.
Сөзінен асыл гауһар өлгенімше,
Айтып кет, ұғып қалар бір насихат.
Ойыма насихат бер, қанғандай ғып,
Көзім көріп, көңілім нанғандай ғып.
Тәңірім тауып берсе, тоқтау түсіп,
Өшпейтін, айтқан сөзім

жанғандай ғып.
Бұл жігіт айтты сонда патшаға,
Бек тақсыр, бейқам жүріп,
қапы қалма.
Келдің, енді кетесің күнің бітсе,
Уақыт бітсе, тұруға болмас шама.
Айтайын бір ауыз сөз тыңдасаңыз?
Сатылса осы дүниені, нелік баға?
Уа, тақсыр, бір сахара шөлге барсаң,
Қасында жолдасың жоқ,

жалғыз болсаң.
Қатты шөлдеп өлімге халың жетсе,
Бір ішім су таба алмай, естен тансаң.
Бір адам бір ішім су ұстап тұрса,
Сол суын сұрап алып, ішіп қансаң.
Не бергені ылайық сол адамға,
Өлшеп айт, әділ туған патша болсаң?
Шөлде қалсам, мехнат көре едім,
Қылар қайрат жоқ болса, көнер едім.
Шапағат сол секілді қылған жанға,
Үйіме ертіп алып, келер едім.
Қазына, барша мүлік жиып алып,
Қақ бөліп, ортасынан теңер едім.
Өзім өлсем қаларлық нәрсе ғой деп,
Мал, қазынам жартысын бере едім.
Тағы да бұл жігіттен келеді сөз,
Жақсыны жатырқама, жаманнан без.
Осымен патша сөзін тоқтатқанда,
Жігіт те көп тұмады, сөйледі тез.
Тақсыр-ау, әлгі судан ішің келсе,
Дерт болып, ғарып жаның

мехнат шексе?
Бір деміп жан ғазазын рахат көрмей,
Өлімге дәрменде боп, халың жетсе.
Тағы да береріңді лайықта,
Бір адам сол дертіңе себеп етсе.
Адамзат келіп, кеткен неше дүркін,
Пендеге опа қылмас дүние шіркін.
Осындай шапағатты қылған ерге,
Патша айтты берер ем алған мүлкім.
Патшам, әмірі сондай

жалғыз хақтың,
Және де кетуі оңай келген бақтың.
Мал мен мүлкің, тақ пен тәж
жиғаныңды,
Барлығын бір-ақ ішім суға саттың,
Бұл дүние бір ішім суменен тең,
Патша ақзам әділет ақыр таптың.

"Жер-су" өлеңі

Ақсу басы қасқа жол ол да бір жол,
Сол жолмен жүретін жүргінші мол.
Көшті бастап Басқанның суын өрлей,
Жаз жайлауға жүк артып баратын ел.
Бойында Қосағаштың шошақ мола,
Желді сай, Жетіқырқа, Ұңғы, Қора.
Жаманжал, Жабасалды
біздің қыстау,

Сүртеке, Үлекқұм мен Аяққара.
Көрінген бұдан былай Қысқаш екен,
Қысқашқа Керегетас тұстас екен.
Ар жағын Аршалының жайлау қылып,
Желкесін Қобди тастың қыстаса екен.
Көрінген бұдан былай Кекілікті,
Жүз кісі Шатырбайға бекініпті.
Тау-тастың атын білген өлең қылсам,
Кекілік мен қалдым деп өкініпті.
Баласаз, Баянжүрек, Қапал жатыр,
Талқимас, Биесимас қатар жатыр.
Тау-тастың атын білген өлең қылсам,
Көп жылқы Алмалыда отар жатыр.
Жатады Қапал байқұс сазыменен,
Күренбел түлкі қақтым тазыменен.
Мал болсын осы қыстан аман шықса,
Жайлар ем сол Қапалды жазыменен.
Бүйеннің Сарытау шығыс сағасында,
Сайрандап сарын төккен саласында.
Сарытаудың құлпысыз қақпасындай,
Бүркітті тұр көз салып бәр асуға.
Шыңына қара бұйра көз жетпейді,
Басынан шудалы сұр бұлт кетпейді.
Тек қана биігіне тау қыраны,
Шарықтап қыран бүркіт кес-кестейді.
Ақирек, Қараирек, ирек, ирек,
Тауының Тарбағатай бауыры сирек.
Қолға алып көк қаршыға шыға келсем,
Ұшады көл жағалай көк ала үйрек.
Қазалы, Қарқаралы, Қалбаменен,
Жосалы, Бесқазылы, Далбаменен.
Өр Найман, Есіл, Нұра, бес Шыңқожа,
Көкшетау, Торайғыр тұр, Жорғаменен.
Көрінген көзге жаман Құлдыр, Шұнай,
Қалбике, Ордабике тұрған жұп-ай.
Тастанбет, Арқат, Бұрқат, Бұзау шоқы,
Қорғантас, Сұлушоқы айтсам қалай.
Үлкені талай таудың Тарбағатай,
Кетпейді жауса қары жазғы алты ай.
Басына Тарбағатай шыға келсең,
Тұрады мен мұндалап Қандықатай.
Көрінген одан әрі Еміл, Бақты,
Жайтөбе ортасында тұрған тақты.
Басына Сұлушоқы шыға келсең,
Тұрады мен мұндалап Маңырақты.
Жыланды, Керегетас, Тақырбас тау,
Тағады кербездіктен қыздар шашбау.
Жер, судың атын білген өлең қылсам,
Жанында Жасыл көлдің тұрған Таз тау.
Көрінген бұдан былай Базар, Баспан,
Биік аспан көкпенен жағаласқан.
Жер, судың атын білген өлең қылсам,
Ақшоқы, Керегетас араласқан.
Ұшады қара бүркіт аспанменен,
Құдайым ажал қоймас қашқанменен.
Жер, судың атын білген өлең қылсам,
Қосқызыл кейін қалды Боспанменен.
Көрінген бұдан былай Ыңғыл кезең,
Бар екен Зайсан деген үлкен өзен.
Жер, судың атын білген өлең қылсам,
Құяды бір Ертіске он жеті өзен.
Үлкен тау Тарбағатай саласымен,
Ойнайды арқар, киік баласымен.
Басына Тарбағатай шыға келсең,
Көкөзек көрініп тұр арасы кең.
Шаңырақ Сай асумен көрші болған,
Асуы өте жайлы көңіл толған.
Басына Тарбағатай шыға келсең,
Астына Ақсақты тау о да қонған.

"Молғанбай"
немесе әз бабалар(Ақын Сағынболат Тінтаевтың
арнау өлеңі).

Ой толқып, ойнақтайды санада мың,
Сан жетпес тізе берсем даналарым.
Сексен жыл сергелдеңге

түскен ұрпақ,
Ас бердік, оян бүгін бабаларым.
Топқа тарт Толғанбайдың тізіп сиын,
Жалғастыр Мольқбайдың үзік күйін.
Үш жүзін біріктірген ең күш алмас,
Болашақта туатын Мұжық биім.
Баяғы бәз қалпында өлке міні,
Сеніммен қарайтын көп ертеңіне.
Бабам батыр, ақын деп айтқызбаған,
Өмірдің шыдап келдік төлкегіне.
Батырды біреу бізге бармақтарын,
Тағдыр артты кесепат салмақтарын.
Тұңғыыққа тұншыққан сәттер қанша,
Әз бабалар қорғады аруақтарын.
Таусылмайтын жатыр ғой

ғұлама сыр,
Бодандықтан құтқарды мына ғасыр.
Көтердік біз көк туын тәңірінің,
Той болды кең даламда ұлан асыр.
Бүршік жарды ерт шалған

ормандарың,
Бой көтерді жер болған қорғандарың.
Мен қазақтың дегендер сараланды,

Орындалды өсиет армандарың.
Қайран қазақ жатсынбай айналанды,
Өзің ал, тоқашыңды тойған алды.
Мынау бөтен деп айтпас мінезінді,
Біреулер сұмдық іске пайдаланды.
Күні не бәсекеде ұтылғанның,
Сәуле шаша алар ма тұтылған күн.
Дархандықтан далбақтап

жүрген қазақ,
Айың туды, әйтеуір бүтін қалдың.
Нарық келген заманның аптабың-ай,
Қинайды өр күніміз батқаны жөй.
«Жақсыдан жаман туар

итке алғысыз»,
Деген сөзден ғайбатты сақта құдай.
Кім білсін сыңнан қалай өтерімді,
Жырлаймын жүректерге жетер үнді.
Тоқпанбеттің тоғызы Толғанбайдың,
Асына бүкіл Сақай көтерілді.
Бірауыздан құпталсын келіскенің,
Халқым аман, бар болсын өріс тегім.
Бас болған осы тойдың өтуіне,
Төрт тоғызым өзің бол Жемісбегім.
Көп жарықтың көз тартар

шырағы бар,
Қалың нудың бәйшешек, құрағы нәр.
Бабасы үшін байлығын аямаған,
Бөйтерек боп ырғалсын Нұралылар.
Өткен күннің тыңдасаң күйін сұмдық,
Өз тегіңді айтуды қиынсындық.
Бабаларды дәріптеу даналығы,
Рушылдық емес бұл – ұйымшылдық!

"Молғанбай"
туралы толғау

(Ақын Ораз Жұмашевтың өлеңі).

Армандар адаспайды, алданбайды,
Асқақ күй толғандырып алды бойды.
Айналған Алатаудың асқарына,
Ардақтап жатыр елім Толғанбайды.
Атағы ақындықпен мұра жайған,
Жыр қосып, сыр тындаған

ұлы Абайдан.
Айтысып Түбекпенен оны жеңіп,
«Тасқын» деп көрген қауым

ұрандаған.
Өнеген ұрпақ ұраны,
Шалқиды мұра жыр, өні,
Жүректерде сақтаулы,
Өшпес бейнең жүр өлі.
Өшпес бейнең тірі өлі,
Өлкемің ақын қыраны.
Жалғасып жатыр өзіңе,
Жемісбектер, Нұралы.

Нәр алған Кенже, Сақай ырыздықтан,
Жанымен сүйіп елін, мұңын ұққан.
Үн қатып болашаққа, ұлы еліне,
Үлесін тандап өткен ұлылықтан.
Тастемір, Тоқпанбет боп келер тегі,
Ұрпаққа ұласқанда ел ертеңі.
Сол ұрпақ ауылына өлең қонған,
Деген сөз болған екен, жөн өлшемі.
Үлгісін Телібайдың Арнай ілген,
Айрып сөз сарасын талдай білген.
Ақ тоты өзі қостап ақын Сара,
Мольқбай тартқан қобыз,

танбай күйден.
Дау болмас халық айтса шын, расқа,
Жалғасқан Толғанбайға ұл Мирас та.
Нәр алған Жетісудің киесінен,
Бекетбай, Қуат, Құтым, Илияс та.

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.

Архив
тынысы

Өмірдің әрбір сәті тамшыдай болса да
теңіздей тарихты қалыптастыратыны анық.
Адамның адам болып қалыптасу кезеңінен
бастап, ел, қоғам, мемлекет болып мақсатқа
жетуі, жеңіс биігін бағындыруы, уақыттың
энциклопедиясына қолтаңбасын қалдыруы,
осының бәрі – тарих. Әр адамның басқан
қадамы, қалдырған ізі, тіршілігі мен
тұлғалық қасиеттері, сіңірген еңбегі де осы
тарихнаманың ажырамас бөлігі. Ал, тарихтың
қара шаңырағы – архив. Дәлелдер қоры, де-
рекертер қоймасы, өткеннің өлмес өнегесін
өшірмей, өміршеңдіктің өңін беріп, өскелең
ұрпаққа аманаттайтын ақиқат айнасы. «Ұлы
даланың жеті қыры» атты мақаласында «Ар-
хив – 2025» жеті жылдық бағдарламасы ба-
рымызды бағамдап, бағалап нәм бағымызға
айналдырудың бірден - бір бағдары. Мем-
лекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023
жылғы Үндеуінде келесі жылы ұлтымыздың
тарихына байланысты бірқатар іс-шара
өткізіледі, халқымыздың тұлғаларын есте
сақтап, олардың еңбегін дәріптеу – ұрпақ па-
рызы деп айқын көрсетті.

«Тәуелсіздік жылдарында халқымыздың
өткенін зерттеуге қатысты ауқымды
жұмыстар атқарылды. Еліміздің тарихи
жылнамасындағы ақтандақтарды қайта
қалпына келтіруге жол ашқан «Мәдени
мұра» бағдарламасы табысты іске асы-
рылды. Бірақ бабаларымыздың өмірі мен
олардың ғажап өркеніеті жөніндегі көптеген
деректі құжаттар, өлі де ғылыми айналымға
түскен жоқ. Олар өлемнің бүкіл архивтерінде
өз іздеушісі мен зерттеушісі күтіп жатыр.
Сондықтан ежелгі дәуірден қазіргі заманға
дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық
және шетелдік архивтер дүниесіне елеулі
іргелі зерттеулер жүргізу үшін «Архив – 2025»
бағдарламасы аясында әлі де жұмыстар жа-
сауымыз қажет. «Ұлы даланың жеті қыры»
атты мазмұнды мақалада атап өтілгендей
архив деректерін цифрлық форматқа көшіру
қолға алынған болатын. Оның үстіне бұл
төрден қойылған уақыт талабы.

Шыдай - шыдай ақыры жалығармыз,
Бірімізден біріміз арылармыз.
Біздерді де жоқтайтын жан болса егер,
Шаң басқан архивтерден табылармыз,
– деп ақиық ақын Мұқағали жырлағандай,
өткеннің өнегесін іздеп, жоқтаушысы болған
жанашыр ұрпақтың «іздегенін алдынан
тілемей-ақ тауып, шамнан шырақ жағатын»
шаңырақтың бірі де осы архив екені белгілі.
Осы тұста өзіндік тарихы бар «Жетісу
облысының мемлекеттік архиві» КММ Ақсу
филиалында бүгінде 227 қор, 51127 мыңға
жуық сақтау бірлігі бар, оның ішінде жеке
тектік қор саны 8, тарихын сонау 1917 жыл-
дан бастау алатын талай құжатты көздің
қарашығындай сақтап отыр.

Тыныштықтың тұңғығына тұнған қорлар
қоймасындағы сарғайған құжаттарда сан
мыңдаған адамның, ғасырға жуық уақыттың
сыры сайрап жатыр. Оларды цифрлық
форматқа көшіріп немесе ешқандай
компьютерлік вирус түспейтін арнайы қатқыл
дисктің жадына сақтау арқылы кешегі мен
бүгінгі құжаттарын келешекке аманаттау
ісі де алға қойған мақсат болып табылады.
Биылғы жылдың 1 тоқсан есептік кезеңінде
1 қор, 1 тізімдеме, 63 іс, 12480 парақ
электрондық форматқа көшірілді.

Өткенді білмей, келешектің өркендемейтіні
белгілі. Қалай дегенмен «Ұлы даланың жеті
қыры» мақаласының осы бір бағыты арқылы
да талай тарихи шындыққа томаға сыпырып
тура қарайтынымыз анық. Лайым, ақиқатты
аңға, құндылықты құсқа жем қылмай нәм
шындыққа шаң жуытпай сақтап отырған
архивистердің еңбегі еш кетпейді деп
сенемін.

Гүлжан МЕЙРАМБЕКОВА,
Жетісу облысының мемлекеттік архиві
КММ Ақсу филиалының
директоры.

Азаматтар мен заңды адамдардың өтініш беру механизмін түсіндіру құқықтарды, сондай – ақ, тәртіпті қорғау үшін прокуратураға тартымды жауаптар

Прокуратура органдарына өтініштер келесі жолдармен беріледі:
- әдейі;
- пошта қызметі арқылы;
- электрондық үкімет порталы арқылы (электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған кезде);
- «e-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы.
Осыған байланысты, өтінішті тіркеу және қарау үшін оны жоғарыда аталған әдістердің бірімен прокуратура органдарына беру қажет.

Прокуратура органдарындағы өтініштерді қарау тәртібі «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 24-бабында, атап айтқанда:

- адам мен азаматтың, егер олар физиологиялық ерекшеліктеріне, психикасының бұзылуына және басқа да мән-жайларға байланысты өз құқықтарын, кәметке толмағандардың, сондай-ақ, адамдардың шексіз шеңберін өз бетінше қорғай алмаса, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;
 - адамның және азаматтың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге, егер бұл мүдделерді қорғауды құзыретіне тиісті өкілеттіктер кіретін уәкілетті орган тиісті түрде қамтамасыз етпесе немесе мұндай құқықтар болмаған жағдайда;
 - жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысанына қарамастан басқа да ұйымдар араласқан жағдайларда олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;
 - Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына және ұлттық қауіпсіздігіне төнген қауіпті болдырмау мақсатында;
 - жойылмауы адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтыратын заң бұзушылық фактілері бойынша;
 - Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша;
 - Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша.
- Өтінішті қарау мерзімі 15 жұмыс күнін құрайды.
Нақты мән-жайлар анықталған жағдайда, өтінішті дұрыс шешу, басқа мемлекеттік органдардан, меншік нысанына қарамастан мекемелерден, ұйымдардан ақпарат алу үшін шағымды қарау мерзімі басшының дәлелді шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін (2 айдан аспауы тиіс). Өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы өтініш берушіге мерзім ұзартылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде хабарланады.

Прокурордың әрекетіне (әрекетсіздігіне) және актілеріне осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жоғары тұрған прокурорға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Сот немесе жоғары тұрған прокурор прокурордың актілеріне немесе оның әрекеттеріне шағым бойынша шешім қабылдағанға дейін олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

Жоғары тұрған прокурор жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шағым бойынша не өз бастамасы бойынша төмен тұрған прокурордың актілерінің күшін жоюға, тоқтата тұруға немесе өзгертуге құқылы.

Қуаныш ЖЕТПИСБАЕВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша
Департаментінің өтініштерді талдау және бақылау
бөлім прокуроры.

БИЗНЕСТІ ҚОРҒАУ



нес субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған бірыңғай қағидаларды айқындайды.

Сонымен қатар берілген рұқсаттар мен жіберілген хабарламалар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексерудің жаңа нысаны енгізілді.

Барлық енгізілген жаңа нормалар Кодекстің 13-тарауына сәйкес реттеледі.

Сондай-ақ, тексерулерді есепке алу мен тіркеудің барлық процесі «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» (ТСОБТ) ақпараттық жүйесінде цифрландырылған, ол тіркеу сатысында бизнесті заңсыз тексерулерден қорғауды, сондай-ақ мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Барлық қызықтыратын мәселелер бойынша, оның ішінде тексеруші мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз әрекеттер туралы өтініштермен Бас прокуратураның бірыңғай байланыс орталығына (телефон-115).
Сонымен бірге, кез келген кәсіпкер Комитеттің «www.qatqor.gov.kz» ақпараттық порталында тексерістің тіркелуін көре алады.

Е.АСҚАРОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
Департаментінің
аға прокуроры.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді. Сонымен "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекен-жайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын. Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" атты сервисті таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркелу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез - келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған. Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы

іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі.

Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру – соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;

- мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;

- қызмет алушының филиалдың мекен-жайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӨМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

Ернұр БЕКТҰРСЫНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
Департаментінің қылмыстық
саладағы құқықтық ақпаратты
қалыптастыру аға прокуроры.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар



Қолданыстағы еңбек заңнамасында сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін белгілі бір шектеулер қарастырылған.

Квасимемлекеттік сектор ұйымына жұмысқа тұру кезінде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екені туралы анықтама ұсынуға міндетті.

Қазір квазимемлекеттік ұйымдарға жұмысқа орналас-тыруды шектеу барлық лауазымдарға қолданылады,

бұрын бұл шектеулер басқарушылық функцияларды орындауға байланысты лауазымдарға қатысты болатын.

Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беруді мемлекеттік қызметтер көрсету санатына ауыстырды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қабылдануы және ұсынылуы www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қызметтің орындалу мерзімі 10 минут, қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында – 5 жұмыс күнді құрайды.

Сондай-ақ, қызметкерлерге қатысты мәліметтерді алу үшін, олардың келісімі болған жағдайда «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы жұмыс берушілерге қолжетімді. Осындай қызметті мобильді азаматтар базасында тіркелген жағдайда ғана алуға болады.

Мобильді азаматтар базасында тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияның кез - келген фронт-офисіне жүгін арқылы «электрондық үкімет» веб-порталының «Жеке кабинетіндегі», «телефон» бағанында телефон нөмірін көрсету немесе оны жеке сәйкестендіру нөміріне (ЖСН) байланыстыру қажет.

Дарын ЖУЛУНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша
Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық
ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

Ақпараттық – анықтамалық қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар

Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті qatqor.gov.kz ақпараттық порталында әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғаларға қатысты тексеру функционалын іске асырды.

Көрсетілген функционал азаматтардың ыңғайлығы мен уақытты үнемдеу үшін жасалған, яғни өтініштерді уәкілетті органға жолдап, оған жауабын 15-20 күн күтудің қажеті жоқ. Сервис интернет - ресур-

старды пайдаланушыларға үйден шықпай-ақ, сот әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған тұлғалар туралы мәліметтердің арнайы есепте болуы немесе болмауы туралы ақпаратты қысқа мерзімде алуға мүмкіндік береді.

Ақпаратты алу үшін qatqor.gov.kz порталына өту керек, одан әрі Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған тұлғалардың тізілімі бөлімінде ЖСН мен жеке басты куәландыратын құжаттың деректерін енгізу қажет.

Одан кейін жүйеде анықтама қалыптастырылады, оны талап ету орны бойынша ұсыну үшін қағаз түрінде басып шығаруға болады. Аталған анықтама электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған және ресми құжат болып табылады.

Талғат ОМАРХАНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
Департаментінің қылмыстық
саладағы құқықтық
ақпаратты қалыптастыру аға
прокуроры.

АБАЙЛАҢЫЗ ИНТЕРНЕТ



Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 124 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 5070 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 7,2 % құрайды.

124 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы - 84, Текелі - 6, Ақсу - 2, Алакөл - 9, Ескелді - 8, Кербұлақ - 6, Көксу - 1, Қаратал - 4, Панфилов - 1, Сарқан - 3. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері "WhatsApp" мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар "WhatsApp" мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені "WhatsApp" қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайтарын пайдалану арқылы да жасалады.

Өлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте» арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ИІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ИІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзіңіз дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми "App Store", "Play Market" және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келуі мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни, 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Айдын ТӨРЕБЕКОВ,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі
комитетінің Жетісу облысы бойынша Департамент бастығы,
аға әділет кеңесшісі.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етеді

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үй авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Занды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекен-жай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғалар арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады [kgd.gov.kz \(https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web\)](https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Занды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың өкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғаман алу сервисі» және eGov mobile арқылы өкімшілік анықтаманы үшінші тұлғаман алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлдың білі» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзінің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп

порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғаман алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады.

Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосымша Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзіннің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Серікжан МЕРЕЙХАН,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша
Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

Бірлігіміз жарасқан!

Ақсу ауданында тұратын өзге ұлт
өкілдерінің алғыс - тілектері!

Алғысым көп халқыма

Жақсылығы жарқын, шуағы мол - бұл мерекенің әрбір қазақстандық үшін айырықша маңызы бар. Бұл - біздің ынтымағымызды, бірлігіміз бен берекелі тірлігімізді, тұрақтылығымызды паш ететін күн.

Халықтар достастығы мен ынтымақтастығын көздеген мамыр мерекесі халықтың тамаша дәстүріне, қазақстандық толеранттылықтың бейнесіне, бейбітшілік пен өзара түсіністіктің символына айналды.

Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз даму үстінде. Бірлігі мен ынтымақтың ұйытқысына айналып, қаншама ұлттар мен ұлыстарға құтты мекен болған Ақсу жері жылдан - жылға көркейіп, гүлденіп, кемелденіп келеді. Мұнда біздің де үлесіміз бар деп мақтана айта

аламыз.

Себебі, аудан алыбы Ақсу қант зауытын жүргізу үшін қант қызылшасы алқабын кеңейтіп, аудан экономикасының дамуына бір кісідей үлесімізді қосып келеміз.

Барлық этномәдени бірлестіктерге өз дәстүрлерін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне жағдай жасалуда. Сондықтан аудан халқына, аудан басшыларына алғысымызды білдіреміз. Түрлі халықтың тағдырын тоғыстырған, тұтастығын сақтаған Қазақстан жасай берсін! Ақсу ауданы өркендей берсін!

Александр КВИТКО,
Қызылағаш ауылының тұрғыны,
Украин ұлтының өкілі.

Досым Мәметисламға арнау

Өтті өмір кіп-кішкене ауылда,
Осында еді ағайын - дос,
бауырда,
Содан бері талай жылдар өтіпті,
Кластастар, майдандастар боп
айналдық бір қауымға,
Интернатта тұрып біздер
оқыдық,
Жүректерге достық жырын
тоқыдық.
Егіз қозы атаушы еді біздерді,
Достықта ол кез болған жоқ еш
олқылық.
Жататынбыз бір бөлмеде,
бір жерде,
Күреске де баратынбыз
біз бірге.
Талай-талай жарыстарға
қатысып,
Жеңімпаз боп алатынбыз
біз жүлде.
От - жалын боп жарқылдаған
жас едік-ау қуатты,
Өтті жылдар талай - талай
су ақты.
Осы ауылда еңбек еттік
қызмет қып,
Осы ауылдан зейнетке
шықтық біздер тұрақты.
Бұл күндерің жаңа доспен,
бауырларыңмен толықты,
Басыңа да аппақ қарлар
қоныпты.
Елгезек еді, ақкөңіл еді,
бұл досым,
Жетпіс жас кеп иығыңа қоныпты.
Аман болсын қасыңдағы
жан - жарың,
Маяменен бүтінделер
бар жағың.



Ұлды қия, қызды ұяға
қондырдың.
Немерелер қызығымен
күліп атсын бар таңың.
Еңбек еттің, көрдің талай
бейнетін,
Бұл күндері көріп жүрсің
зейнетін.
Төлөңнің 70 жасын тойлайық,
Шын достықтың бұзбай мәңгі
келбетін.
Жан достарға аппақ қардай
көңілмен,
Қара өлең жаза берем төгілген.
Шын достарға жаным құрбан
әрқашан,
Орын алған жүрегіміңнің төрінен.

Ізгі тілекпен:
Серікбек ЖАҚЫПБЕКҰЛЫ.

Татулық мекені

Біздің елімізде қазіргі таңда 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар мекендейді. Тарих көшінің белгілі бір кезеңінде тағдыр тауқыметін арқалап, солақай саясаттың құрбанына айналып, елімізге келіп қоныстанған ұлттар мен ұлыстар үшін қазақ жері киелі алтын бесікке айналды.

1 мамыр - Қазақстан халқының береке бірлік күні. Бұл күні сонау аумалы - төкпелі заманда пейілі кең, дархан қазақ даласына табан тіреген өзге ұлт өкілдері қазақ халқына, қазақстандықтарға өздерінің ыстық ықыласы мен алғысын білдіреді. Бұл мерекенің біз үшін маңызы зор. Сондықтан, ұлтым шешен болса да, менің Отаным, туған жерім - Қазақстан және мен Қазақстанды ешбір байлыққа айырбастамаймын.

Биыл 130 жылдығын тойлағалы отырған Ілияс Жансүгіров дүниеге келген киелі Ақсу ауданы біз үшін құтты мекен.

Ұлтаралық татулық арқасында бүгінде ел тыныш, жұрт аман. Осы берекеміз бұзылмағай. Қазақстанда, оның ішінде Ақсу ауданында тұратын барша ұлт арасындағы айнымас достыққа сызат түспесе екен.

Хизар ШИДАЕВ,
Жансүгіров ауылының тұрғыны,
Шешен ұлтының өкілі.

Бірлігіміз жарасқан

Бұл күн - әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпы ұлттық келісімнің мерекесі. Халық бірлігі мерекесі күні ел азаматтары ұлт пен ұлыстың өткен кезеңдегі тарихы мен оның сабақтарын дәріптеп, өлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланған қазақстандық татулық пен келісімді паш етеді. Еліміздің басты қорғаушы күші - қоғамдық келісім мен этносаралық үйлесімді - сақтау қазақ елінің алдында тұрған басты міндет.

Ел бірлігі - ең асыл қасиет. Осы тұрғыда еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев «Біз туған елімізді бейбітшіліктің бесігіне айналдыра білдік. Тыныштық арқылы тұрақтылық, татулық арқылы тұтастық терімізге озды», - деген болатын. Егемен еліміздің бағындырған барлық белестері, жеткен жетістіктері, шыққан шыңдары - осы бірлікпен келіп отыр.

Ұлтым басқа болса да мен Қазақстанның, оның ішінде осы Ақсу ауданының тумасы, перзентімін. Еліме алғысым шексіз!

Пак Олег ВИКТОРОВИЧ,
Жансүгіров ауылының тұрғыны,
Көріс ұлтының өкілі.

БЕРЕКЕ - БІРЛІК ТУРАЛЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

- Адам ұйымшыл, мал үйіршіл.
- Айрылған азады, қосылған озады.
- Апалы - сіңлілі тату болса үйді гүлстан етеді.
- Алтау ала болса ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса төбедегі келеді.
- Байлық байлық емес, бірлік байлық.
- Бас - басыңа би болсаң, манар тауға сыймассың.
- Басалқыңыз бар болса, жанған отқа күймессің.
- Батырлықты айт, ерлікті айт, Батылықты айт, бірлікті айт, Ынтымақ қосып, ел болып, жұрт жасаған тірлікті айт.
- Бел мен білек біріксе жұмыс бітер.
- Береке басы — бірлік.
- Береке бір тиыннан.
- Берекелі болса ел жағасы жайлау ол бір көл.
- Берекелі дәулет кеш келер.
- Берекелі елдің бетін ешкім қақпайды, Берекелі жердің жыланы да шақпайды.
- Берекелі жерден мереке кетпес.
- Берекені көктен тілеме, бірлігі мол көптен тіле.
- Берекесі кеткен ел - суы сасыған батпақ көл.
- Берекесіз бейбақтар терлеп еңбек етпейді. Терлеп еңбек еткенмен тілегіне жетпейді.
- Берекесіздің ауылы мерекесіз.
- Бес бармақ жиналса — жұдырық.
- Бірлік бар жерде тірлік бар.



1 МАМЫР
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ
БІРЛІГІ МЕРЕКЕСІ

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ
БІРЛІГІ МЕРЕКЕСІМЕН
ШЫН ЖҮРЕКТЕН
ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

HAMELEONS.COM
опубликовано
на сайте
HAMELEONS.COM

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан
Республикасы
Инвестициялар және
Даму Министрлігі
Байланыс,
ақпараттандыру
және ақпарат
комитеті 2015 жылғы
16 қараша айында
есепке қойылды. Күзлік
№15701-Г

Газет бетінде жарияланған
мақалалар авторының пікірі редакция
көзқарасы болып табылмайды.
Мақалалар өңделеді, авторға
қайтарылмайды.
Жарнама, хабарландырулар, арнау,
құттықтаулардың мазмұны мен
мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет,
жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның
таралымы 2502

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.

Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.